18.11.2024ж		Қойылған заттардың арасымен еңбектеуге үйрету. **Ойын:** «Сабалақ ит» **Мақсаты:** жүгіруге жаттықтыру.	**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қонаққа барамыз» Залдың бір шетіне ойыншықтар қойылады. Балалар осы ойыншықтарға қарама-қарсы тұрады. Олар топқа бөлініп, ойыншықтар тұрған жаққа жүреді. Денелерін түзу ұстап жүреді. Ойыншықтарға келіп, оларды сипайды. Осыдан кейін орындарына қайтып оралады. Енді екінші топ балалары ойыншықтарға барып, осы іс-әрекетті орындайды. Түрлі түсті доптармен ойнауды ұсынады. 1.Шеңберде доппен ЖДЖ жасау Допты саусақтарын ашып, екі жағынан ұстауға назар аудару **2.Негізгі қимылдарды орындау:** Доптарды 90 см қашықтықтан қақпа арқылы (ені – 50 см) домалату Допты қақпаның ортасынан домалатуға назар аудару, домалатқаннан кейін қақпаның астынан еңбектеп өту (2-3 рет). Допты үш бала бірге домалатады. Қақпаға қарама-қарсы тұрып, екі қолмен допты екпінмен домалатады. Осыдан кейін қақпаға келіп, оның астынан өтеді де, доптың артынан жүгіреді. Доптарды себетке салады. Сызық бойымен бір қатарға тұрады. Алшақта қойылған заттардың арасымен еңбектеу (бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта қойылған ойыншықтар). «Аю» ойын жаттығуы. Нұсқау – еңбектеген кезде заттарға тиіп кетпеу (2-3 рет). Музыка ырғағымен ойыншықтар арасымен еңбектеп жүреді. Музыка аяқталғаннан кейін, орындарынан тұрып, қол шапалақтайды. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Сабалақ ит» – (2-3 рет) (№ 3 қосымша) Иттен бұлтара және тез қашу, басқа балалармен соқтығыспау.
20.11.2024ж	Быз қалай тамақтанамыз	Қойылған заттардың арасымен еңбектеуге үйрету **Ойын:** «Затты тап!» **Міндеті:** Қозғалыс бағыты өзгерген кезде бір-біріне жол беру .	**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қонаққа барамыз» Педагог түрлі түсті доптармен ойнауды ұсынады. 1.Шеңберде доппен ЖДЖ жаттығуларын жасау Допты саусақтарын ашып, екі жағынан ұстауға назар аудару. **2.Негізгі қимылдарды орындау:** Доптарды 90 см қашықтықтан қақпа арқылы (ені – 50 см) домалату

			Допты қақпаның ортасынан домалатуға назар аудару, домалатқаннан кейін қақпаның астынан еңбектеп өту (2-3 рет). Алшақта қойылған заттардың арасымен жүгіру (бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта қойылған ойыншықтар). Нұсқау – жүгіру кезінде заттарға тиіп кетпеу (2-3 рет). Топқа бөлініп орындайды. Балалар сызылған сызық бойына бір қатар болып тұрады. Музыка ырғағымен ойыншықтардың арасымен жүгіреді. Музыка аяқталған кезде ойыншықтарды жоғары көтереді. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Затты тап!» – фотоаппаратты табуды ұсынады (2-3 рет).Ойыншықтармен суретке түсуді ұсынады. Олармен ұқыпты ойнау керек екенін, сындырмай, лақтырмай, ойыннан кейін орнына қою керек екенін естеріне салады.
22.11.2024ж		Допты екі қолмен төменнен лақтыруға үйрету. **Ойын**: «Сақиналарды жина» **Міндеті:** асып өткен кезде аяқ пен қол жұмысын үйлестіру білігін дамыту.	«Затты біл» ойын жаттығуы Педагог Айна әкелген «сиқырлы қоржын» ішіндегі ойыншықты табуға ұсынады. Балалар қоржынның сыртынан сипалап ұстап, оның ішіндегі ойыншықты тауып айтады. Бір-бірден тізбекке тұру, қолдарына сылдырмақтарды ұстап жүру; қолға арналған тапсырма – сылдырмақтарды жоғары, екі жаққа көтеру. 1.Ойыншықтармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары 2.Негізгі қимылдарды орындау (жаппай) Алға ұмтыла отырып, екі аяқпен секіру. «Сылдырмақтарды қоржынға саламыз» – жеңіл түсуге назар аудару. Шағын топтар бойынша (қыздар, ұлдар) орындау (2-3 рет). Допты екі қолмен төменнен лақтыру. «Доппен ойнаймыз» – допты екі жағынан дұрыс ұстау. Нұсқау – доптың артынан белгі бойынша ғана жүгіру (6-8 рет). **Ойын:** «Сақиналарды жинаңдар» Бөрененің арғы жағына 10–12 сақина лақтырады да, балалардан оларды әкеп беруді сұрайды. Сосын сақиналарды бөрененің екінші жағына лақтырады (3–4 рет).
25.11.2024ж		Белгі бойынша тоқтауға, тепе-теңдікті сақтауға,алда келе жатқан балаға соқтығыспауға үйрету. **Ойын:** «Ақ қоян» **Мақсаты:** дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру.	Қоянмен бірге жүру және жүгіру. Тапсырманы орындай отырып жүру – музыка аяқталғанда тоқтау және шапалақ ұру. 1.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау. «Аяқпен тарсылдатамыз» ойын гимнастикасын орындау. «Аяғымызды топылдатамыз, қолымызды шапалақтаймыз, басымызды иеміз, қолымызды түсіреміз, қолымызды көтереміз, шеңбер бойын айнала жүреміз». **2.Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай):** Тура бағытта төрттағандап еңбектеу Тапсырманы орындау – «Маған қарай еңбектеңдер» пәрмені бойынша балалар шағын топпен қоянға қарай еңбектейді, сосын қоңырауды сыңғырлатады (2-3 рет). **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ақ қоян» (№ 3 қосымша) Мәтін бойынша қимылдарды орындауға назар аудару (2-3 рет). «Қояндар» саусақ гимнастикасы

			-сұқ саусақ пен ортаңғы саусақ жоғары; -қалғандары бүгілген. -саусақтарды ашады; -басқа қолының саусақтарын жұмады; -басқа қолымен қоян жасайды.
27.11.2024ж	Ыдыстармен жиһаздар	Тепе-теңдікті сақтап, белгі бойынша тоқтап, қолсоғып, жүрісті жалғастыруға үйрету. **Ойын:** «Ақ қоян» **Мақсаты:** дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру.	Қоянмен бірге жүру және жүгіру. Тапсырманы орындай отырып жүру – музыка аяқталғанда тоқтау және шапалақ ұру. 1.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау «Аяқпен тарсылдатамыз» ойын гимнастикасын орындау «Аяғымызды топылдатамыз, қолымызды шапалақтаймыз, басымызды иеміз, қолымызды түсіреміз, қолымызды көтереміз, шеңбер бойын айнала жүреміз». **2.Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай):** Қолын затқа (қоңырау) тигізе отырып, жоғары қарай секіру Нұсқау – қоңырауға қолды тигізу үшін барынша жоғары секіру (2-3 рет). **Балалар жоғары секіріп, қолдарын қоңырауға тигізуді орындайды**: ойыншық ілінген бағанға жақындап келіп, екпінмен жоғары секіріп, қолдарын қоңырауға тигізеді. Осыдан кейін орындарына барып тұрады. Жаттығуды әр бала жеке-жеке орындайды. Педагог балалардың екпінмен секіру және қолдарын қоңырауға тигізу үшін уақтылы серпіле білу біліктеріне назар аударады, дұрыс секіре алмағандарға көмек көрсетеді. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ақ қоян» Қимылдарды мәтінге сәйкес орындауға назар аудару (2-3 рет). «Қояндар» саусақ гимнастикасы -сұқ саусақ пен ортаңғы саусақ жоғары; -қалғандары бүгілген. -саусақтарды ашады; -басқа қолының саусақтарын жұмады; -басқа қолымен қоян жасайды.
29.11.2024ж		Алаша (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) үстімен жүруге жаттықтыру, кедергілі бет үстімен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау білігін дамыту. Заттар арасында алақан мен табанға тіреліп еңбектеуге жаттықтыру, қимылдардың үйлесімін дамытуды жалғастыру.	Бағытты өзгерте отырып, залда (орманда) жапырақтарды ұстап жүру, жүгіру 1.Жапырақтармен ЖДЖ орындау. Қимыл әдемілігіне назар аудару. **2.Ойын нысанында негізгі қимылдар:** Тепе-теңдік – шектелген беткейде жүру – массажды жол (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр). «Жолмен жүріп өт» ойын жаттығуы – жолдың шетінен шықпау, денесін тік ұстау (2-3 рет). Кішкентай қонжықтарға айналу. Алақандары және тізелерімен заттардың арасынан еңбектеу – еңбектеген кезде

		Заттарды оң және сол жақтан айналып өту білігін бекіту. Жанды және жансыз табиғат туралы білімді кеңейту. Қоршаған ортаны эстетикалық талғаммен қабылдауға, табиғатты сүюге баулу. **Ойын:** «Сұр қоян тазалықты сүйеді» **Міндеті:** өлең мәтініне сәйкес қимыл жасау білігін дамытуды жалғастыру, алға ұмтылып секіруге жаттықтыру.	заттарға тиіп кетпеу керек (залда бір-бірінен 1,5 м арақашықтықта орналасқан модульдар) (2-3 рет) **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Сұр қоян тазалықты сүйеді» (№ 3 қосымша) Тақпақтың мәтініне сәйкес келетін қимылдарды орындайды (2-3 рет).

2024- 2025 оқу жылына арналған дене шынықтыру
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Айгөлек» , кіші топ.
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) : Желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері	Ұйымдастырылған ісәрекеттің негізгі қимылдар
02.12.2024ж	Қыс қызығы	Тоқтаумен және тапсырма орындаумен жүгіругеүйрету, басты дұрыс қалыпта ұстау білігін қалыптастыру. **Ойын:** «Допты бер» (диаметрі – 20 см) **Мақсаты:** допты бір-біріне беру білігін дамыту.	**«Кім тыныш?» ойын жаттығуы.** Көрсету – әдемілеп жүру, қолды белге қою. **Нұсқау** – бүкіл залмен жүру, бір-біріне кедергі келтірмеу. Балалар тізбекке бір-бірден тұрады. Педагогтің нұсқауларын орындайды. Балалар ойыншық қонжыққа аяқтың ұшымен дыбыссыз жүруді үйретеді. Зал ішінде шашырап жүреді, бағыттарын өзгертіп жүреді. Педагогке жүгіріп келіп, жанына тұрады, сонан кейін ойыншықтың жанына барып тұрады. 1.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау **«Маймақ ақ» ойын гимнастикасы** Аюға еліктеп, оның қимылдарын ым және ишарамен салады. **2.Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай):** 1.Тоқтап және тапсырманы орындай отырып жүгіру. «Үйді тап!» ойыны (2-3 рет) **Нұсқау – белгі бойынша әрекет ету:** кезек сақтау, итеріспеу, бір-біріне жол беру. «Күн шықты, серуенге шығыңдар!» деген нұсқау бойынша балалар залдың ортасында шашырап жүгіреді. **«Үйді тап!»** деген нұсқау бойынша орындықтарға жүгіріп барып, олардың үстіне шығып тұрады. Орындық үстінде тұрып, тепе-теңдіктерін сақтап тұруға тырысады. 2.Жоғары қарай секіріп барып, затқа қолын тигізу. **«Сылдырмақты сылдырлату»** ойыны Нұсқау – қоңырауға қолды тигізу үшін барынша жоғары секіру (2-3 рет). Педагог екпінмен секіріп, қолдарын қоңырауға тигізе білу біліктеріне назар аударады. Орындарына кері жүгіріп қайтады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Допты ал» Допты қасында тұрған баланың қолына тура беруге назар аудару (2-3 рет). Саусақ гимнастикасы **«Жасырынбақ» ойын гимнастикасы** Жасырынбақ ойнады, Саусақтарын бұғып ап, Міне, былай, міне, былай,

			Басын ішке тығып ап.
04.12.2024ж		Тоқтаумен және тапсырма орындаумен жүгіругеүйрету, затты жанаубілігін бекіту, үйлесімділікті дамыту.Ептілікті дербестікті дамыту. **Ойын: «**Допты бер» (диаметрі – 20 см) **Мақсаты:** доппен іс-қимыл жасауға жаттықтыруды жалғастыру.	**Кім тыныш?» ойын жаттығуы.** Көрсету – әдемілеп жүру, қолды белге қою. **Нұсқау** – бүкіл залмен жүру, бір-біріне кедергі келтірмеу. Балалар тізбекке бір-бірден тұрады. Педагогтің нұсқауларын орындайды. Балалар ойыншық қонжыққа аяқтың ұшымен дыбыссыз жүруді үйретеді. Зал ішінде шашырап жүреді, бағыттарын өзгертіп жүреді. Педагогке жүгіріп келіп, жанына тұрады, сонан кейін ойыншықтың жанына барып тұрады. 1.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау «Маймақ ая» ойын гимнастикасы Аюға еліктеп, оның қимылдарын ым және ишарамен салады. **2.Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай):** 1.Тоқтап және тапсырманы орындай отырып жүгіру. **«Үйді тап!» ойыны (2-3 рет)** **Нұсқау – белгі бойынша әрекет ету:** кезек сақтау, итеріспеу, бір-біріне жол беру. «Күн шықты, серуенге шығыңдар!» деген нұсқау бойынша балалар залдың ортасында шашырап жүгіреді. «Үйді тап!» деген нұсқау бойынша орындықтарға жүгіріп барып, олардың үстіне шығып тұрады. Орындық үстінде тұрып, тепе-теңдіктерін сақтап тұруға тырысады. 2.Жоғары қарай секіріп барып, затқа қолын тигізу. **«Сылдырмақты сылдырлату»** ойыны **Нұсқау** – қоңырауға қолды тигізу үшін барынша жоғары секіру (2-3 рет). Педагог екпінмен секіріп, қолдарын қоңырауға тигізе білу біліктеріне назар аударады. Орындарына кері жүгіріп қайтады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Допты ал» Допты қасында тұрған баланың қолына тура беруге назар аудару (2-3 рет). Саусақ гимнастикасы **«Жасырынбақ» ойын гимнастикасы** Жасырынбақ ойнады, Саусақтарын бұғып ап, Міне, былай, міне, былай, Басын ішке тығып ап.

06.12.2024ж		Қимыл қарқынын өзгерте отырып жүгіруге үйрету, қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін, кеңістікті бағдарлауды дамыту, шектелген беткейде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту.	**«Пойызбен қыдырамыз»** ойын жаттығуы – тізбекте қарқынды өзгерте отырып бір-бірден жүру. 1.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау 2.Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай): Бағытты және қарқынды өзгерте отырып жүгіру **«Мәшинемен қыдырамыз»** – «автомобильдер» бүкіл алаңмен жүре алады (2-3 рет). Спорттық жаттығулар. Шананы арқанмен сүйреу. **«Шананың ізімен жүр»** ойыны Балалар екі топқа бөлініп, алаңның екі шетіне бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Педагог бірінші топтың балаларына шаналарды қарама-қарсы тұрған екінші топ балаларын сүйреп апаруға нұсқау береді. Алдымен шананы ұлдар сүйрейді, қыздар шананың ізімен жүреді. Шананың бауын бір қолдарымен ғана ұстап сүйрейді. Денелерін алдыға иіп, дұрыс жүруге тырысады. Жылынып алуды ұсынады. **«Бізге суық емес»** ойын массажы **Массаж жасайды:** -қолдарын ысқылайды, алақандарын бір-біріне үйкелейді; -қолдарымен шапалақ ұрады; -табандарымен еденді тарсылдатады; -қолдары мен аяқтарын алақандарымен соғады.
09.12.2024ж	Біз немен жүреміз	Секіру мен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру.Ептілікті қимылдар үйлесімділігін дамыту. **Ойын:** «Лақтыр және қуып жет» **Міндеті:** допты алысқа лақтыру білігін дамыту.	**№1 жаттығу**: «Балалар адымдайды». Тиісті музыка бойынша бүкіл залда жүру, жүгіру; «шашырап» жүру – бүкіл залмен қозғалу **№2 жаттығу: «Балалар орындықта»** 1.Орындықтарда ЖДЖ жасау 2.Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай) **№3 жаттығу: «Қояндар секіреді»** Алға ұмтыла отырып, екі аяқпен секіру. Сылдырмаққа дейін секіріп бару, сыңғырлату – Қолын сермеп, екі аяқпен итеріледі (2-3 рет). **№4 жаттығу: «Қонжықтар еңбектейді»** Алшақтатылған заттардың арасымен еңбектеу (бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта 4-тен қатарға қойылған текшелер), еңбектеген кезде заттарға тиіп кетпеу, сол және оң жағынан айналып өту білігіне назар аудару (2-3 рет). **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Лақтыр да қуып жет» Жеке қарқында, еркін тәсілмен лақтыру.

			Көрсету – допты екі қолмен дұрыс ұстау, допты белгі бойынша лақтыру (екі қолмен төменнен) (3–4 рет). «Кітап» саусақ гимнастикасы Алақандарын бір-біріне қосады, саусақтары көлденең орналасқан. «Ашты» деген сөзде – алақандарын ашады, шынашақтарын бірге қосады. «Жапты» деген сөзде – алақандарын бір- біріне қосады.
11.12.2024ж		Бір уақытта екі аяқпен итеріліп және алға ұмтылып, екі аяқпен секіруге үйрету. **Ойын:** «Көңілді қояндар» **Міндеті:** допты алысқа лақтыру білігін дамыту.	**№1 жаттығу:** «Балалар адымдайды». Тиісті музыка бойынша бүкіл залда жүру, жүгіру; «шашырап» жүру – бүкіл залмен қозғалу. **№2 жаттығу:** «Балалар орындықта» **1. Орындықтарда ЖДЖ орындау** **2. Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай)** **№3жаттығу:** «Қонжықтар еңбектейді» **Алшақтатылған заттардың арасымен еңбектеу** (бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта 4-тен қатарға қойылған текшелер), еңбектеген кезде заттарға тиіп кетпеу, заттың сол және оң жағынан айналып өту білігіне назар аудару (2-3 рет). **№4 жаттығу**: «Қояндар секіреді» **Алға ұмтыла отырып, екі аяқпен секіру**. Сылдырмаққа дейін секіріп бару, сыңғырлату – екі аяқпен итерілу, өзіне қолын сермеу арқылы көмектесу (2-3 рет). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көңілді қояндар» Жеке қарқында, еркін тәсілмен лақтыру** Көрсету – допты екі қолмен дұрыс ұстауды, допты белгі бойынша лақтыруды (екі қолмен төменнен) (3–4 рет). Балалар допты лақтырғаннан кейін оның артынан жүгіреді, залдың екінші шетіне барып тұрады. Содан кейін допты қайтадан лақтырады. Ойыннан кейін доптарды себетке жинайды. **«Қояндар мен құлақтар» саусақ гимнастикасы** Қояндардың құлағы Талдан шығып тұрады. Олар орғып-орғып секіріп, Көжектерді күлдірді. Саусақ гимнастикасын орындайды. Саусақтарын жұдырыққа түйеді. Сұқ және ортаңғы саусақтарын жазады да, оларды екі жаққа қозғайды.
13.12.2024ж		Бағытты өзгертіп жүгіруге үйретуді жалғастыру,кеңістікте бағдарлануды, аяқ пен қол қимылының үйлесімділігін дамыту.	1.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау **«Қуаласпақ» ойыны** Педагог алаңның бір шетіндегі жерге бала санына қарай құрсауларды төсейді. Әр құрсау – әр баланың «үйі», яғни балалар үйлерінің ішінде тұрады. Белгі бойынша олар алаң ішінде секіріп жүреді. Педагогтің «Түлкі, түлкі, аузыңды ашып тұрмай, балаларды қуып жетіп ұстап ал!» деген нұсқауы бойынша «түлкі» балаларды

			қуады, балалар үйлеріне қашып кіреді. Ұсталған бала «түлкі» болады. Ойын бірнеше рет қайталанады. 2.Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай) «Түлкімен адымдаймыз, аяқты көтереміз» ойын жаттығуы **Нұсқау:** бағытты және қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Спорттық жаттығулар Түлкіні шанамен сырғанату Педагог балалардың біреуіне түлкіні шанамен сырғанатуды тапсырады. Қалған балалар екі- екіден шанамен сырғанайды: біреуі отырады, екіншісі сүйрейді. Педагог түлкіні кезекпен олардың шаналарына отырғызады. Түлкіні шанамен сырғанатқандары үшін оларға алғыс айтады. Шананы сүйреген кезде денелері сәл алға иіледі. Педагог осыған назар аударады. Педагог жылынып алу керектігін айтады. **«Бізге аяз түк емес!» массаж ойыны** Сықырлаған аязда Қыдырамыз далада. Сезінсек біз суықты Қозғаймыз қол-аяқты. Жылынамыз бір демде Бізге аяз түк емес! Массаж жасайды. Алақандарын бір-біріне үйкелеп, қолдарын уқалайды. Алақандарын бір-біріне шапалақтайды. Аяқтарымен жерді топылдатады. Аяқ-қолдарын алақанмен шапалақтап ұрады.
18.12.2024ж		Ұзындыққа секіруді орындау дағдыларынқалыптастыру **Ойын:** «Сақиналарды жина» **Мақсаты:** бөренеден асып өтуге жаттықтыру, асып өткенкезде аяқ пен қол жұмысын үйлестіру білігін дамыту.	Бір-бірден тізбекке тұрады. Қолдарына сылдырмақ ұстап жүреді. Қолға арналған тапсырма – сылдырмақты жоғары, екі жаққа көтеру. Музыкамен жүгіру – музыка аяқталғанда тоқтау және сылдырмақты сыңғырлату. **1. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау.** **2. Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай).** Бір орыннан ұзындыққа секіру. **«Жылғадан секіріп өт» ойын жаттығуы** (арақашықтығы – 20 см). Бір мезгілде екі аяқпен итерілу, өкшеге түсе отырып, бүкіл табанға ауысу (2-3 рет) Балалар топ-топқа бөлініп, бір орыннан (қыздар, ұлдар болып) ұзындыққа секіреді. Сызыққа (бұлаққа) жақындап, екі аяқпен итеріледі. Бүкіл табанымен жерді басып, сонан соң күшін өкшеге түсіріп, қолдарымен серпіле секіреді. **Допты екі қолмен төменнен лақтыру.** **«Доппен ойнаймыз»** – допты екі жағынан екі қолмен дұрыс ұстау. – Нұсқау – доптың артынан тек белгі бойынша жүгіру (4–6 рет). Балалар себеттен допты алып, белгіленген сызық бойына тізбекке тұрады.

			Жеке дара допты лақтырады. Лақтырғаннан кейін доптың артынан жүгіреді, залдың қарама-қарсы жағындағы сызыққа тұрады. Допты екінші қайтара лақтырады. Лақтырған соң доптың артынан жүгіреді. Доптарды себетке салады. **Ойын: «Сақиналарды жина».** Бөренеңің арғы жағына 10–12 сақинаны тастайды да, балаларға оларды алып келуді сұрайды. Сосын сақиналарды басқа жағына тастайды. (2-3 рет) Балалар бөренеден алыс емес жерде тұрады. Бөренеге еңбектеп келеді, одан еңбектеп өтеді, сақиналарды көтереді, педагогке әкеледі. Өзінің орнына барып тұрады. Педагог қуыршақпен билеуді ұсынады, музыка ырғағымен «серіппені» айналуды, тербелуді көрсетеді.
20.12.2024ж	Туған елім - мақтанамын	Орнынан ұзындыққа секіруге үйрету, итерілгенкезде табанды дұрыс қою, жерге өкшеге түсіп, бүкіл табанғаауысу білігін дамыту. **Ойын:** «Орамалдарды жина» **Мақсаты:** асып өткен кездеаяқ пен қол жұмысын үйлестіру білігін дамыту.	Бір-бірден тізбекке тұрады. Қолдарына сылдырмақ ұстап жүреді. Қолға арналған тапсырма – сылдырмақты жоғары, екі жаққа көтеру. Музыкамен жүгіру – музыка аяқталғанда тоқтау және сылдырмақты сыңғырлату. **1. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау** **2. Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау (жаппай).** Бір орыннан ұзындыққа секіру. **«Жылғадан секіріп өт» ойын жаттығуы** (арақашықтығы – 20 см). Бір мезгілде екі аяқпен итерілу, өкшеге түсе отырып, бүкіл табанға ауысу (2-3 рет). Балалар топқа бөлініп (ұлдар және қыздар болып бөлініп), бір орыннан ұзындыққа секіреді. «Жылғалар» арқылы секіреді. Сызыққа жақын келіп, екі аяқпен серпіліп секіреді. Қолдарын сермеп, секіруге жағдай жасайды. Өкшемен түсіп, табандарымен жерді толық басады. **Допты екі қолмен төменнен лақтыру** **«Доппен ойнаймыз»** – допты екі жағынан екі қолмен дұрыс ұстау. – Нұсқау – доптың артынан тек белгі бойынша жүгіру (4–6 рет). Балалар себеттен допты алып, сызылғын сызық бойына қатарға тұрады. Допты жеке-жеке лақтырады. Допты лақтырғаннан кейін доптың артынан жүгіреді, содан кейін залдың қарама- қарсы жағына барып тұрады. Допты екінші рет лақтырады. Доптарды себетке салады. **«Орамалдарды жина» ойыны:** бөренеңің арғы жағына 10–12 орамал тастайды да, балаларға оларды алып келуді сұрайды. Сосын орамалдарды басқа жағына тастайды (2-3 рет). Балалар бөренеге жақын тұрады. Бөренеге дейін еңбектеп келіп,

			бөренеден өтіп, жердегі ормалады алып, оны педагогке алып келеді. Орындарына барып тұрады. Педагог музыка ырғағымен қуыршақпен билеуді ұсынады (айналады, шайқалады).
23.12.2024ж		Орнынан ұзындыққа секіруге үйретуді жалғастыру, итерілген кезде табандарды дұрыс қою, жергеөкшеге түсіп, бүкіл табанға ауысу білігін дамыту.	Шеңберге тұрады. «Алаңқайда» ойын гимнастикасын орындау. Ертең ерте алаңда **Маймылдар жүр тайраңдап:** Оң аяқпен – топ-топ! Сол аяқпен – топ-топ! Қолды көтер жоғары! Жоғары-жоғары көтерер екен қайсысы? 1.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау. **2.Ойын түріндегі негізгі қимылдар:** Бір орыннан ұзындыққа секіру. **«Жолдан секіріп өт» (арақашықтығы – 20 см).** Екі жіптен жасалған «жол» арқылы екі аяқпен алдыға секіру. Педагог екі аяқпен бірдей серпіліп секіріп, жерге алдымен өкше, сонан соң толық табанымен түсулерін қадағалайды (2-3 рет). Шаналардың арасымен жүру (бір-бірінен арақашықтығы – 1,5 м). **Нұсқау** – шаналардың сол және оң жағынан айналып өту. Педагог назарын балалардың жүрісіне, яғни денелерін түзу ұстап жүрулеріне аударады (2-3 рет). **Спорттық жаттығулар** Ересектермен бірге шанамен сырғанау. Балаларды шаналарға дұрыс отыруды үйрету қажет. Бала шананың шетінде тұрып, бір аяғын екінші жағына қойып, шананың ортасына отырады.
25.12.2024ж	Бізге қыс ұнайды	Допты 60 см қашықтықтан педагогке лақтыру және одан қағып алуға үйрету, допты бір мезгілде екі қолының екпінді қимылымен лақтыру, қолын екпінді түрде жазу білігін дамыту. **Ойын: «Қарды ұстап ал»** **Мақсаты:** жоғары қарай секіруге жаттықтыру.	«Затты тап!» ойын жаттығуын ұйымдастырады. Балалар педагогпен бірге топтала зал ішінде Аязатаның қапшығын іздеп, бағыттарын өзгертіп жүгіріп жүреді. 1.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау **2.Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау:** Бөрене үстімен еңбектеп жүру «Сақиналарды жина!» қимылды ойыны Нұсқау – Бөрене үстімен абайлап еңбектеп өту. Қол мен аяқ қимылының үйлесімділігіне баса назар аудару (2-3 рет). Допты 60 см қашықтықтан педагогке лақтыру және одан қағып алу. «Допты ұста» қимылды ойыны – допты саусақтарының арасын ашып ұстау (2-3 рет).

			Балалар шеңбер бойында тұрады. Педагог 60 см арақашықтықта тұрып балаларға доп лақтырады. Балалар допты қағып алып, қайтадан педагогтің өзіне лақтырады. Допты қолдарын созып лақтырады және оны петагогтің қолына дәл лақтыруға тырысады. Допты екі алақандарын ашып күтіп тұрады және оны екі жағынан құшақтап қағып алуға тырысады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарды ұстап ал» – бір мезгілде екі аяғымен екпінді түрде итерілу (2-3 рет). Педагог жіпке байланған «қарды» алып, балаларға қалай секіру қажеттігін көрсетеді. Балалар екпінмен жоғары секіреді. Екі аяқтарымен қатты серпіліп, жоғары секіруге тырысады. **«Кімнің қары алысқа ұшады?»** ойын жаттығуы Қарды ұстауға тырысады. Қар қиыршықтарын үрлейді.
27.12.2024ж		«Көз–қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Бөрене үстімен еңбектеп жүруге жаттықтыру, қимыл үйлесімділігін дамыту. **Ойын: Қарды ұстап ал** **Мақсаты:**, баланың көтерілген қолынан 10 см биіктікке ілінген затты алу білігінбекіту.	«Затты тап!» ойын жаттығуын ұйымдастырады. Балалар педагогпен бірге топтала зал ішінде Аязатаның қапшығын іздеп, бағыттарын өзгертіп жүгіріп жүреді. 1.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау **2.Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау:** Бөрене үстімен еңбектеп жүру. **«Сақиналарды жина!» қимылды ойыны Нұсқау** – Бөрене үстімен абайлап еңбектеп өту. Қол мен аяқ қимылының үйлесімділігіне баса назар аудару (2-3 рет). Допты 60 см қашықтықтан педагогке лақтыру және одан қағып алу. **«Допты ұста» қимылды** ойыны – допты саусақтарының арасын ашып ұстау (2-3 рет). Балалар шеңбер бойында тұрады. Педагог 60 см арақашықтықта тұрып, балаларға доп лақтырады. Балалар допты қағып алып, қайтадан педагогтің өзіне лақтырады. Допты қолдарын созып лақтырады және оны педагогтің қолына дәл лақтыруға тырысады. Допты екі алақандарын ашып күтіп тұрады және оны екі жағынан құшақтап қағып алуға тырысады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарды ұстап ал»** – бір мезгілде екі аяғымен екпінді түрде итерілу (2-3 рет). **Педагог жіпке байланған «қарды»** алып, балаларға қалай секіру қажеттігін көрсетеді. Балалар екпінмен жоғары секіреді. Екі аяқтарымен қатты серпіліп, жоғары секіруге тырысады. **«Кімнің қары алысқа ұшады?»** ойын жаттығуы Қарды ұстауға тырысады. Қар қиыршықтарын үрлейді.
30.12.2024ж		Жүгіру мен секіру дағдыларын жетілдіру Кеңістікті бағдарлауды, зейінін, педагогтің нұсқауын тыңдау және дәлме-дәл орындау білігін дамыту.	**Бір-бірден тізбекпен жүру;** қолға арналған тапсырма: жоғары көтеру, екі жаққа созу; тізені жоғары көтеріп жүру **–** қашықтықты сақтау, аяқты тізеден бүгу. **1. ЖДЖ жасау**

			2. Ойын түріндегі негізгі қимылдар: **Түрлі бағытта жүгіру** **«Ойыншық Күлдірбекті қуып жет!»** ойын жаттығуы Педагог бәріне Күлдірбек болуға ұсыныс тастайды. Жүгірудің жеңіл әрі ырғақты болуына баса назар аудару. Балалар педагогтен қашады, алаң ішінде бір-біріне соқтығыспауға тырысады. Педагог балаларды мақтайды: «Ойыншық Күлдірбектер шетінен жылдам, епті болғандары соншалық, оларды ұстау мүмкін емес!». Ойын бірнеше рет қайталанады. **Сызық арқылы бір орыннан ұзындыққа секіру (арақашықтық – 10 см)** Нұсқау – аяқпен барынша қатты итерілу (2-3 рет). Балалар бір орыннан 10 см қашықтықтан ұзындыққа секіруді үйренеді. Жіппен белгіленген сызыққа келіп, екі аяқпен итеріліп, секіреді. Секірген кезде қолдарын белсенді серпіп көмектеседі. **Ересектермен бірге шанамен сырғанау.** Педагог балаларды шаналарына өз беттерімен отыруды және одан тұруды үйретеді.

2024- 2025 оқу жылына арналған дене шынықтыру

Топ:«Айгөлек» , кіші топ.
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : Қаңтар ай

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері	Ұйымдастырылған ісәрекеттің негізгі қимылдар
03.01.2023ж	Жаңа жыл қарсы аламыз	Бүкіл алаңмен жеңіл әрі ырғақты жүгіру білігін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды, зейінді дамыту. **Ойын: «Тиіп кетпе»** **Мақсаты:** тепе-теңдікті сақтап, заттарға аяқтарын тигізбей аттауды бекіту.	Балалар торғайлардың іс-әрекеттерін салады – шиқылдайды, алаң ішінде «қанаттарын» жоғары көтеріп, төмен түсіріп жүреді – «қанаттарын қағады». **1. Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау.** Торғайлардың іс-әрекеттерін ым-ишарамен келтіру. «Бастарын бұрады – мысық қайда екен?» «Қанаттарын жаттықтырады» – қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіреді. «Қорек іздеп жүрмін» – бастарын төмен түсіреді. «Суықтан тығыламын» – отырып, иықтарын бастарына қарай көтереді. Балалар торғайлардың іс-әрекеттерін салады – шиқылдайды, алаң ішінде «қанаттарын» жоғары көтеріп, төмен түсіріп жүреді – «қанаттарын қағады». **2. Ойын түріндегі негізгі қимылдарды орындау:** **Екі параллель сызықтар арқылы (арақашықтық – 30 см) бір орыннан ұзындыққа секіру.** Нұсқау – аяқпен барынша қатты итерілу (2-3 рет). Педагог балалардың назарын алаңда сызылған түрлі түсті сызықтарға аударады. Балалар 30 см қашықтыққа бір орыннан ұзындыққа секіруге үйренеді. Екі аяқтарымен серпіліп, сызықтар арқылы секіреді. Секіру барысында қолдарын екпінді түрде сермеп, секіруге жағдай жасайды. **Ойын: «Тиіп кетпе»** (2-3 рет) (бөренелер алаң ішіне төселген). Нұсқау – тізені жоғары көтеріп, бөренені аттайды. Жаттығуды орындау барысында бір-біріне кедергі жасамауға тырысады. Балалар алаң ішінде қолдарын белдеріне қойып жүреді. Затты атаған кезде оған аяқтарын тигізбеуге тырысады. Денелерін тік ұстап, тепе-теңдікті сақтап жүреді. **«Ұядағы құстар» ойыны** (2-3 рет) Педагог алаңның бір шетіне бала санына қарай құрсауларды төсейді. Әр құрсаудың ішіне балалар бір-бірден кіріп тұрады. Құрсаулар – олардың ұялары. Белгі бойынша «торғайлар» ұяларынан ұшып, алаң ішінде жүреді. Педагог «құстарды» біресе алаңның бір шетінде, біресе екінші шетінде «қоректендіреді». Балалар шоқиып отырып, саусақтар ұштарымен еденді ұрады. Педагогтің «Торғайлар ұяларына ұшты» деген сөзі бойынша кез келген бос құрсаудың ішіне барып тұра қалады. Ойын бірнеше рет қайталанады.
		Ирелеңдеген жолмен жүруді	«Аю» ойын гимнастикасы.

06.01.2023ж		үйрету (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр), шектелген беткейде жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту**Ойын: «Қонжықты қуып жетіңдер»** **Мақсаты:** түрлі бағыттағы жүгіруге жаттықтыру.	Аю, қолды көтерші, Аю, қолды түсірші. Аю, аю айналып, Қолды жерге тигізші. Енді сипа ішіңді Бір, екі, үш, бір, екі, үш. **1. Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау.** **2. Ойын түріндегі негізгі қимылдар:** **Ирелеңдеген жолмен жүру** (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) Таспалардан ирелеңдеген жолдың моделін жасау. **«Жолмен жүріп өт» ойын жаттығуы.** Тепе-теңдікті сақтау – денені тік ұстау, қолдарды екі жаққа созу (2-3 рет) **Доғалардың астымен еңбектеу** (биіктігі – 40 см) **«Қонжық сияқты еңбекте» ойын жаттығуы**. Доғаның астында топтасу білігіне, қол мен аяқ үйлесімділігіне назар аудару (2-3 рет) Балалар қонжықтың жүрісін салады. Биіктігі 40 см үш доғаның астынан ретімен төрттағандап еңбектейді. Доғаны бастарымен тиіп кетпеуге тырысады. Жаттығуды орындап болған соң, орындарынан тұрып, алақандарын қағып, тізбекке барып тұрады. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қонжықты қуып жетіңдер»** Нұсқау – бүкіл залмен жүгіру, бір-бірімен соқтығыспау, шықылдамау (2-3 рет). Балалар зал ішінде жүгіріп, қонжықты қуып жетпек болады. Содан кейін қонжық оларды қуады. Бүкіл залдың ішінде жүгіруге тырысады. **«Кім тыныш?» ойын жаттығуы** Қалай тыныш, аяқтың ұшымен жүру керек екенін көрсетеді.
08.01.2023ж	Үй жануары	Ирелеңдеген жолмен жүруді үйрету (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр), шектелгенбеткейде жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту. Қимыл үйлесімділігін,ептілікті дамыту.	«Аю» ойын гимнастикасы. Аю, қолды көтерші, Аю, қолды түсірші. Аю, аю айналып, Қолды жерге тигізші. Енді сипа ішіңді Бір, екі, үш, бір, екі, үш. 1. Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау. 2. Ойын түріндегі негізгі қимылдар: Ирелеңдеген жолмен жүру (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) Таспалардан ирелеңдеген жолдың моделін жасау. «Жолмен жүріп өт» ойын жаттығуы. Тепе-теңдікті сақтау – денені тік ұстау, қолдарды екі жаққа созу (2-3 рет) Доғалардың астымен еңбектеу (биіктігі – 40 см) «Қонжық сияқты еңбекте» ойын жаттығуы. Доғаның астында топтасу білігіне, қол мен аяқ үйлесімділігіне назар аудару (2-3 рет)

			Балалар қонжықтың жүрісін салады. Биіктігі 40 см үш доғаның астынан ретімен төрттағандап еңбектейді. Доғаны бастарымен тиіп кетпеуге тырысады. Жаттығуды орындап болған соң, орындарынан тұрып, алақандарын қағып, тізбекке барып тұрады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қонжықты қуып жетіңдер» Нұсқау – бүкіл залмен жүгіру, бір-бірімен соқтығыспау, шиқылдамау (2-3 рет). Балалар зал ішінде жүгіріп, қонжықты қуып жетпек болады. Содан кейін қонжық оларды қуады. Бүкіл залдың ішінде жүгіруге тырысады. «Кім тыныш?» ойын жаттығуы Қалай тыныш, аяқтың ұшымен жүру керек екенін көрсетеді.
10.01.2023ж		Тепе-теңдікті сақтап, қимыл-қозғалыстарды үйлесімді орындау дағдыларын қалыптастыру.Денесін тік ұстауға үйретуді жалғастыру. Алға ұмтыла отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру білігін бекіту, төзімділікті дамыт.	«Автомобильмен қыдыру» ойын жаттығуы Балалар тізбекке бір-бірден тұрады. Педагогтің көрсетуімен ым-ишара арқылы орындалатын жаттығуларды орындайды. Мәшинені оталдырады, рульді ұстайды, айналдырады, педагогтің артынан жүреді. 1. Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау. 2. Ойын түріндегі негізгі қимылдар: Жерде жатқан заттардан аттап өту. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тиіп кетпе!» (2-3 рет) Нұсқау – денесін тік ұстау. Педагог залдың екінші шетіне шығып, кірпіштерден аттап жүруді ұсынады. Балалар заттарды аттап жүрген кезде тепе-теңдік сақтап, денелерін тік ұстап және тізеден бүккен аяқтарын жоғары көтеруге тырысады. Алға ұмтыла отырып, екі аяқпен секіру – екі аяқпен итерілу, жұмсақ түсу (2-3 рет). Балалар екі аяқпен алдыға секіреді. Залдың бір шетіне бір қатар сапқа тұрады. 3 м арақашықтықты екі аяқпен секіріп өтеді. Сызылған сызық бойына сапқа тұрады. Секіруді бірнеше топқа бөлініп орындайды. Аяқты тізеден бүгіп, ырғаққа сай секіреді. Спорттық жаттығулар Нұсқау – шананы арқанмен сүйреу. Қауіпсіздік техникасын сақтау: мәшине-шаналардың бір- біріне соқтығыспауын қадағалау. Педагог бір топқа алаңның бір шетінде, екінші топқа оларға қарама-қарсы шетінде шанамен сырғанауға нұсқау береді. Балалар шананың жібін бір қолдарымен ұстап сүйрейді. Шананы сүйреген кезде дене алдыға иіледі.

13.01.2023ж		Допты қақпа арқылы домалату дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** ирелеңдеген жолмен (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) жүгіруге үйрету, қол мен аяқ қимылын үйлестіру. Шектелген беткеймен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту. Көзмөлшерін,ептілігін, зейінділігін дамыту. **Ойын: «Ақ қоян»** **Мақсаты:** балаларды мәтінді тыңдауға және оның мазмұнына сәйкес қимылдарды орындауға үйрету: алақанын шапалақтау, бір орында секіру.	Тізбекке тұру, аяқтың ұшымен жүру, белгі бойынша тоқтау. 1. Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Ойын гимнастикасы: Ал, балалар, тұрамыз. Қолды асықпай көтеріп, Саусақтарды жұмамыз, Сосын қайта ашамыз. Қолды түсіріп тұрамыз. Демалып ап сәл ғана, Қайта жолға шығамыз. 2. Ойын түріндегі негізгі қимылдар: Ирелеңдеген жолмен жүгіру – таспалардан ирелеңдеген жолдың моделін жасау (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр). (2-3 рет) Нұсқау – жолдың шетіне шықпау. Балалар ирелеңдеген жолмен жүгіреді: алдыға қарайды, денелерін түзу ұстап, жолдың шетіне шықпауға тырысады. Тізбекке қайтып оралады. Шектеулі алаңда тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Доптарды 90 см қашықтықтан қақпа арқылы (ені – 50 см) домалату Допты қақпаның ортасынан домалатуға, домалатқаннан кейін қақпаның астынан еңбектеп өтуге назар аудару. Допты бір уақытта екі қолдың саусақтарымен бірдей екпінмен итереді. Бұйрық бойынша доптарды жинайды (2-3 рет). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ақ қоян» (2-3 рет). Балалар спортзалдың бір жағында орындықтарда отырады. Олар – қояндар. «Серуендеуге шығайық», – дейді педагог. Барлығы бөлменің ортасына шығады (жүгіріп шығады). Педагог өлеңді оқиды, ал балалар оған қарап, мәтінге сәйкес қимылдарды онымен орындайды: Педагог алақанын соққанда балалар өз орындарына жүгіреді. Саусақтарға арналған жаттығу «Қоян мен барабан» Қоян алып барабан, Оны соқты трам-трам-трам. Балалар саусақ гимнастикасын орындайды. Саусақтарын жұдырық етіп түйеді. Аты жоқ саусақ және шынашақпен басбармақты соғады.
15.12.2024ж	Үй құстары	Допты қақпа арқылы домалату дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** ирелеңдеген жолмен (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр) жүгіруге үйрету, қол мен аяқ қимылын	Тізбекке тұру, аяқтың ұшымен жүру, белгі бойынша тоқтау. 1. Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Ойын гимнастикасы: Ал, балалар, тұрамыз. Қолды асықпай көтеріп, Саусақтарды жұмамыз, Сосын қайта ашамыз.

		үйлестіру. Шектелген беткеймен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау білігін бекіту. Көзмөлшерін,ептілігін, зейінділігін дамыту. **Ойын: «Ақ қоян»** **Мақсаты:** балаларды мәтінді тыңдауға және оның мазмұнына сәйкес қимылдарды орындауға үйрету: алақанын шапалақтау, бір орында секіру.	Қолды түсіріп тұрамыз. Демалып ап сәл ғана, Қайта жолға шығамыз. 2. Ойын түріндегі негізгі қимылдар: Ирелеңдеген жолмен жүгіру – таспалардан ирелеңдеген жолдың моделін жасау (ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр). (2-3 рет) Нұсқау – жолдың шетіне шықпау. Балалар ирелеңдеген жолмен жүгіреді: алдыға қарайды, денелерін түзу ұстап, жолдың шетіне шықпауға тырысады. Тізбекке қайтып оралады. Шектеулі алаңда тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Доптарды 90 см қашықтықтан қақпа арқылы (ені – 50 см) домалату Допты қақпаның ортасынан домалатуға, домалатқаннан кейін қақпаның астынан еңбектеп өтуге назар аудару. Допты бір уақытта екі қолдың саусақтарымен бірдей екпінмен итереді. Бұйрық бойынша доптарды жинайды (2-3 рет). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ақ қоян» (2-3 рет). Балалар спортзалдың бір жағында орындықтарда отырады. Олар – қояндар. «Серуендеуге шығайық», – дейді педагог. Барлығы бөлменің ортасына шығады (жүгіріп шығады). Педагог өлеңді оқиды, ал балалар оған қарап, мәтінге сәйкес қимылдарды онымен орындайды: Педагог алақанын соққанда балалар өз орындарына жүгіреді. Саусақтарға арналған жаттығу «Қоян мен барабан» Қоян алып барабан, Оны соқты трам-трам-трам. Балалар саусақ гимнастикасын орындайды. Саусақтарын жұдырық етіп түйеді. Аты жоқ саусақ және шынашақпен басбармақты соғады.
17.01.2025ж		Аяқтың екпінді қимылын қолдың қимылымен үйлестіру, жартылай бүгілген аяқпен жеңіл түсу білігін және шанамен сырғанауды бекіту. Түрлі бағытта жүгіруге жаттықтыру, бүкіл алаңда жеңіл әрі ырғақты жүгіру білігін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды, зейінді дамыту.	«Әдемілеп жүреміз». Көрсету – әдемі жүру, қолдары белде. Нұсқау – әдемі жүру, алға қарау, тоқтау, шапалақ ұру. 1. Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау. «Қол шапалақтау» ойын жаттығуы Алақанға-алақан Соғайықшы шаттана (2 рет). Иә-иә, иә-иә, шапалақта шаттана! Топылдатып аяқты, Секірейік қоянша (2 рет) Иә-иә, иә-иә, секірейік қоянша! Дөңгелейік айнала, Би билейік тамаша (2 рет). Иә-иә, иә-иә, би билейік тамаша! 2. Ойын түріндегі негізгі қимылдар: Түрлі бағытта жүгіру. Ойын жаттығуы: «Тиінді қуып жетіңдер»

			Жеңіл әрі ырғақты жүгіруге назар аудару (2-3 рет). Балалар бүкіл алаң ішінде «тиінді» қуады. Сонан кейін «тиін» балаларды қуады. Бәрі аяқтарының ұшымен жүгіреді. Бір-біріне соқтықпауға тырысады. Затқа қолды тигізе отырып, жоғары қарай секіру. «Таспаны ал» ойыны – аяқпен екпінді түрде итерілу, жоғары қарай секіру (2-3 рет). Балалар сызылған сызық бойына сапқа тұрады. Тапсырманы 3 баладан бөлініп орындайды. Бағандарға жақын келіп, жоғары секіріп, қолдарын созғанда 10 сантиметрге биік ілінген таспаға қолдарын жеткізеді. Орындарына жүгіріп қайтады. Спорттық жаттығулар Педагог балалардың біреуіне тиінді шанамен сырғанатуды тапсырады. Қалған балалар екі- екіден шанамен сырғанайды: біреуі отырады, екіншісі сүйрейді. Педагог тиінді кезекпен олардың шаналарына отырғызады. Тиінді шанамен сырғанатқандары үшін оларға алғыс айтады. Шананы сүйреген кезде денелері сәл алға иіледі. Педагог осыған назар аударады.
20.01.2025ж		Доппен жаттығу және доғаның астымен еңбектеуді орындау барысында ептілік пен қозғалыстардың үйлесімділіктерін дамыту. 40 см биіктікте тартылған таспаның астынан өтуге жаттықтыру, ептілігін дамыту **Ойын: «Қарды ұстап ал»** **Мақсаты:** баланың көтерілген қолынан 10 см биіктегі затқа қолын тигізе отырып, жоғары қарай секіруге жаттықтыру, аяғының екпінді қимылын қолының қимылымен үйлестіру білігін бекіту.	«Көңілді жаттығулар» Отырамыз-тұрамыз, Отырамыз-тұрамыз. Тарсылдатып аяқты, Өкшемізді ұрамыз. Шапалақты соғамыз Қолымызбен билейміз. Шыр көбелек айналып, Ауламызға қонамыз. Мәтін мазмұнына сай қимыл-қозғалыстар орындайды. **1. Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау.** **2. Ойын түріндегі негізгі қимылдар:** **Таспаның астынан еңбектеп өту** (биіктігі – 40 см). Топталу, таспаға тиіп кетпеу білігіне назар аудару (2-3 рет). Қимыл-қозалыстарды орындау: керілген таспаға жақындап келіп, топталып, оның астынан өтіп, тіктеліп, қайтадан кері жүгіріп қайту. Бастарын таспаға тигізбеуге тырысады. **Педагогке 80 см қашықтықтан допты лақтыру және одан қағып алу** – допты саусақтарын кеңірек ашып ұстау (2-3 рет). Балалар шеңбер бойына тұрады, ал педагог ортада тұрып, балаларға допты лақтырады. Балалар допты екі қолдарымен қағып алып, допты қайтадан педагогтің дәл қолына лақтыруға тырысады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарды ұстап ал» – барынша биікке секіру,

			бір мезгілде екі аяғымен қатты итерілу (2-3 рет). **Ойын жаттығуы: «Аяқпен тарсылдатамыз»** Аяқпен тарсылдатамыз, Қолдармен шапалақтаймыз, Баспен изейміз. Қолдарды көтереміз, Қолдарды түсіреміз. Қолымызды ұсынамыз, Айналып жүреміз, Айналып жүреміз. Мәтін мазмұнына сай қимыл-қозғалыстар орындайды. Бір-бірінің қолдарын ұстап, шеңберді айнала жүреді.
22.01.2025ж	Жабайы аңдар	Шанамен сырғанау дағдыларын қалыптастыру .Шанамен сырғанауға үйрету.Ептілік пен қол-аяқта рының үйлесімділігін дамыту. Қысқы ойын түрлеріне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу **Ойын:** «Затты көтер» **Мақсаты:** заттардың арасымен жүруге жаттықтыру, өзінің жанындағы бір затты ғана көтеру білігін дамыту.	Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау. «Сиқырлы ұшақ» ойын жаттығуы Қолымызды соғамыз біз – шап-шап-шапалақ, Аяқтармен тарсылдатып – топ-топ-топ. Отырайық бұл сиқырлы ұшаққа (шынтақтарынан бүгілген қолдары кеуде тұсында), Оталдырып моторды – ж- ж-ж, ж-ж-ж-ж-ж-ж (қолды кеуде тұсында асықпай айналдырамыз, бірте-бірте қарқынды жылдамдатамыз). Ұшағымыз ұшады, – у-у-у, у-у-у (қолдары екі жақта, солға және оңға кезек-кезек еңкею), Ұшамыз...(бөлмеде бірнеше рет айналып келуге болады). **Ойын түріндегі негізгі қимылдар:** Параллель сызықтар арқылы бір орыннан ұзындыққа секіру (арақашықтық – 10 см). Ойын жаттығуы: «Жылғадан секіріп өт!» – бір мезгілде екі аяқпен итерілу, өкшесіне түсе отырып, бүкіл табанына ауысу (2-3 рет) **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Затты көтер» Жерде жатқан сақиналарға назар аудару (2-3 рет) Алаң бойынша сақиналарға соқтықпай, олардың арасымен жүру. Педагогтің: «Жоғары көтер!» деген нұсқауы бойынша сақиналарды жоғары көтеру. Сақиналарды тек педагогтің берген белгісінен кейін ғана көтеру қажет. Спорттық жаттығулар Нұсқау – шананы жіппен сүйреу. Қауіпсіздік техникасын сақтау: мәшине-шаналардың бір- біріне соқтығыспауын қадағалау. Педагог бір топқа алаңның бір шетінде, екінші топқа оларға қарама-қарсы шетінде шанамен сырғанауға нұсқау береді. Балалар шананың жібін бір

			қолдарымен ұстап сүйрейді. Шананы сүйреген кезде дене алдыға иіледі
24.01.2025ж		Өзінің қимыл-қозғалыстарын басқа балалардың қимыл-қозғалыстарымен келісіп орындау дағдыларын қалыптастыру. Алшақтатылған заттардың арасымен еңбектеу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту біліктерін бекіту, ептілігін дамыту. **Ойын: «Құстар ұшады»** **Мақсаты:** бағытты өзгерте отырып жүгіруге жаттықтыру, жүгіру кезінде соқтығыспау білігін бекіту	Бір-бірден тізбекте жүру, шеңбермен жүгіру; қолдарына текшелерді ұстап, бір-бірден тізбекте жүру – текшелерді жоғары, екі жаққа көтереді. 1.Текшелермен ЖДЖ жасау **2.Ойын түріндегі негізгі қимылдар:** Алшақтатылған заттардың (текшелердің) арасымен еңбектеу. Нұсқау – еңбектеген кезде заттарға тиіп кетпеу (2-3 рет) Допты 90 см қашықтықтан педагогке лақтыру және одан қағып алу Нұсқау – саусақтарын аша отырып, допты алақанымен қағып алу (2-3 рет). **Қимылды ойын:** «Құстар ұшады» – шынтақтары жазылған қолдарын екпінді түрде сермеу. (2-3 рет). (№3 қосымша) «**Шар» жаттығуы:** Шарды жылдам үрлейік, Бара жатыр үлкейіп. Шар жарылып кенеттен, Жүдеп қалды ол, әттең! Балалар жаттығуларды орындайды: барлық саусақтарын бір затты шөкімдеп ұстаған сияқты түйістіріп жинайды. Олардың ұштарын үрлейді, осы кезде саусақтар шар сияқты қампияды. Ауаны шығарады, осы кезде саусақтарды бастапқы қалыпқа келтіреді
27.01.2025ж		Өзінің қимыл-қозғалыстарын басқа балалардың қимыл-қозғалыстарымен келісіп орындау дағдыларын қалыптастыру. Алшақтатылған заттардың арасымен еңбектеу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту біліктерін бекіту, ептілігін дамыту. **Ойын: «Құстар ұшады»** **Мақсаты:** бағытты өзгерте отырып жүгіруге жаттықтыру, жүгіру кезінде соқтығыспау білігін бекіту	Бір-бірден тізбекте жүру, шеңбермен жүгіру; қолдарына текшелерді ұстап, бір-бірден тізбекте жүру – текшелерді жоғары, екі жаққа көтереді. 1. Текшелермен ЖДЖ жасау 2. Ойын түріндегі негізгі қимылдар: Алшақтатылған заттардың (текшелердің) арасымен еңбектеу. Нұсқау – еңбектеген кезде заттарға тиіп кетпеу (2-3 рет). Допты 90 см қашықтықтан педагогке лақтыру және одан қағып алу. Нұсқау – саусақтарын аша отырып, допты алақанымен қағып алу (2-3 рет). Қимылды ойын: «Құстар ұшады» – шынтақтары жазылған қолдарын екпінді түрде сермеу (2- 3 рет) (№3 қосымша) «Шар» жаттығуы: Шарды жылдам үрлейік, Бара жатыр үлкейіп. Шар жарылып кенеттен, Жүдеп қалды ол, әттең! Балалар жаттығуларды орындайды: барлық саусақтарын бір затты шөкімдеп ұстаған сияқты түйістіріп жинайды. Олардың ұштарын үрлейді, осы кезде саусақтар шар сияқты қампияды. Ауаны шығарады, осы кезде саусақтарды бастапқы қалыпқа келтіреді.
29.01.2025ж	Дала құстары	Ойын жаттығулары арқылы сенсомоторлы үйлесімділіктерін дамыту. Секірудің алдында жылжитын кезде бір мезгілде	1.Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау «Бізге суық емес» ойын гимнастикасы. 2.Ойын түріндегі негізгі қимылдар: Педагог алаңға келген іздердің иелерін табуға ұсыныс тастайды.

		екі аяқпен екпінді итерілу білігін жетілдіруді жалғастыру. Мұз жолда тепе-теңдікті сақтап сырғанай алу біліктерін қалыптастыру. **Ойын:** «Қоңырау» **Мақсаты:** Тура бағытта жүгіруге жаттықтыру	«Ненің іздері?» ойыны Педагог іздердің көлеміне және ерекшелігіне назар аударады: -Аю келген жоқ па? -Жоқ, аю қыста келмейді. Ол апанында ұйықтап жатыр. -Мүмкін бұл құстардың іздері шығар? -Жоқ, құстардың іздері мұндай емес. Бұл – қоянның ізі. Алға ұмтыла отырып, екі аяқпен секіру. «Ор қояндар» Бір мезгілде екі аяқпен екпінді түрде итерілу білігіне баса назар аудару (2-3 рет) Балалар алаңның әр жерінде тұрады, педагогке бұрылып: қоянның жуынып жатқанын, қонаққа жиналып жатқанын, тұмсығын, құйрығын, құлағын жуып жатқанын айтады. Балалар тиісті қимылдарды орындайды. Сосын барлығы педагогтің алдына түседі де, екі аяқтап секіреді – қояндар қонаққа бара жатыр. Содан кейін балалар өз орындарына оралады. Қимылды ойын: «Қоңырау» (2-3 рет). (№3 қосымша) Педагогтің алдында балалар жартылай шеңбер жасап тұрады. Педагог қоңырауды көрсетіп: «Сендер нені көрдіңдер?», – деп сұрайды да, тез артына жасырады да, алаңның екінші жағына жүгіріп барып: –Жүгіремін, жүгіремін, Қоңырауым, сыңғырла!» – деп қоңырауды артына ұстап тұрып, балаларды шақырады: –Бәрің бері жүгіріңдер, қоңырауды табыңдар! – дейді. Балалар педагогке қарай жүгіреді. Ойыншықты бірінші тапқан бала оны сыңғырлатады және педагогке береді. Мұз жолда сырғанау: ересектер балаларды қолдарынан ұстап сырғанату. Педагог құлап қалмас үшін, бір-бірінің қолдарын ұстап жүру керектігін ескертеді.
31.01.2025ж		Жаттығуларды орындау барысында дене бітімін түзу ұстай білу және тепе-теңдікті сақтай алу дағдыларын қалыптастыру, еденде жатқан заттардан аттап өтуге, денесін тік ұстауға үйретуді жалғастыру. 30 секунд бойы	Бір-бірден тізбекте жүру. Шеңбермен 30 секунд жүгіру. Аяқтың ұшымен жүру. 1. Ойын түріндегі жалпы дамыту жаттығуларын орындау «Үлкен болып өс» (4 рет) Терең тыныс алуға және тыныс алу ырғағының тұрақтылығына арналған жаттығу. Балалар аяқтарын бірге ұстап, қолдарын жоғары көтеріп, түзу тұрады.

